

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ – түрік университеті

Неврологиялық науқастарды реабилитациялау негіздері

Орындаған: Жанай С.Б.

ЖМ – 517

Қабылдаған: Тұтаева А.А.

Түркістан 2017

Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

- Реабилитация ұғымы
- Неврологиядағы реабилитация
- Науқастарды реабилитациялау негіздері

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Бүкіл әлемдік денсулық сақтау ұйымымен (БДҰ) және Халықаралық еңбек ұйымымен арнайы құжаттарда халыққа реабилитациялық көмек көрсетудің жаңа әдістемесі ұсынылған. Реабилитацияның жеке жоспарын құрудағы маңызды орын тұлғаның психологиялық, медициналық және педогоикалық мотивациясына негізделген. Мотивация және мотивирленген жоспар құрудағы мәселелерді шешуге тұлға дамуындағы арнайы психологиялық қабілеттіліктер қажет.

Медициналық тұрғыдан, реабилитация адам ағзасы қызметінің бұзылысын қалпына келтіретін және сақтайтын, сонымен қатар әлеуметтік қызметті, науқас адамның немесе мүгедектің еңбекке жарамдылығын анықтауға бағытталған, медициналық, педагогикалық және әлеуметтік жүйелерді ұйымдастыратын үрдіс болып табылады.

Дәлелді медицина бойынша, денсаулықты сақтау үшін салауатты өмір салтын ұстану маңызды. Қазіргі кезде денсаулықтың 3 деңгейін бөліп көрсеткен:

- ✓ Физикалық – өзінің физиологиялық қызметін орындауға қабілетті.
- ✓ Әлеуметтік – тұлғаның өзінің талабына сәйкестігін отражаает.
- ✓ Тұлғалық – психологиялық – бұл адамның жан дүниелік деңгейі.

Реабилитология 3 бөлімнен тұрады:

- ✓ Адамның психосоматофизиологиялық десаулығы, оның қалпына келу әдісі мен қабілеті;
- ✓ Адам және оны қоршаған ортаның экологиялық реабилитациясы туралы ілім;
- ✓ Әлемдік көзқарасты реттеу әдісі мен қабілеті.

Медициналық реабилитация – науқас ағзасының еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруге және оның ауру нәтижесінде пайда болған мүмкіндіктерінің компенсациясына бағытталған медициналық шаралардың жиыны.

Мүгедектердің реабилитациясы – оның өмірінің сапасын арттыру.

Мүгедектердің профессионалды реабилитациясы – еңбекке жарамдылығын жекеше немесе толығымен қалпына келтіру.

Мүгедектердің еңбектік реабилитациясы – оларға шамасы келетін жұмысты даярлау.

Мүгедектердің әлеуметтік реабилитациясы – өмірінің сапасын жақсарту.

Медицина – әлеуметтік реабилитация – аурудың, жарақаттың нәтижесінде қабілетін жоғалтқан науқастардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дәрежесін қалпына келтіру.

Қазіргі кезде 6 негізгі реабилитационды аспект бар:

Психологиялық: психикалық жағдайды емдеу.

Медициналық –емдік: диагностикалық сұрақтар.

Физикалық: емдік дене шынықтыру, еңбек терапиясы.

Профессионалды: жаңа професия таңдау.

Әлеуметтік: науқас- отбасы» т.б сұрақтарды шешу.

Экономикалық: реабилитация өткізуге кеткен шығынын есепке алу.

Неврологиядағы реабилитацияда орталық және перифериялық жүйке жүйесінің жедел және созылмалы емдеу шаралары жүргізіледі. Оған қимыл – қозғалыстың, коммуникацияның бұзылыстары, тұрмыста өзіне – өзі жағдай жасай алмайтын науқастар жатқызылады.

Оған жататын аурулар тобы:

- ✓ Инсульттер
- ✓ Миға қан құйылғаннан кейінгі жағдай
- ✓ Ми ісіктеріне жасалған операциялардан кейінгі жағдай
- ✓ Паркинсон ауруы
- ✓ Барре синдромы
- ✓ Ми және жұлынның травмалары

Неврологиялық аурулардың негізгі көрсететін әсерлері:

Функциональды бұзылыстар – паралич, плегия, сезімталдықтың төмендеуі, естің бұзылуы, сөйлеудің, жұтынудың бұзылуы, көру, естудің бұзылуы, және неврологиялық ауруларға байланысты болатын психикалық бұзылыстар.

Тұрмыстық шектелулер – науқас өзіне күнделікті жағдай жасай алмайды: тамақ дайындау, сатымен көтерілу, әжетханаға бару т.б.



